

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

4. Хакеры «Кибер-халифата» объявили о взломе базы данных Госдепа США // URL: https://forbes.kz/news/2016/04/26/newsid_110695 .Дата доступа 20.03.2024

5. Understanding and Countering Islamic State Propaganda // URL: <https://www.gcsp.ch/publications/cyber-jihad> .Дата доступа 21.03.2024

УДК 21.21.21

ТҮТАС ТҮЛҒА БОЛУДЫҢ СЫРЫ (Э.ЭРИКСОН ТЕОРИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Ізбасқан Айдана Арапбайқызы

aidana.izbaskan@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, «Дін психологиясы» мамандығының магистранты
Ғылыми жетекші: Кеңшілік Тышхан

Адам жаратылысы жұмбақ құбылыс екені бізге мәлім. Ғасырлар бойы қалыптасқан ғылымдар, зерттеулер мен түсініктер тіпті бүгінгі жаһанданып жатқан әлемде де шешілмей келе жатқан ең үлкен сыр – адам. Иә, адамзат талай нығыметті иеленсе де, өзін толық танып білуге әлі де тоқтаусыз машықтанумен келеді.

Бүгінгі таңда бәріміздің де айналып өте алмайтын тақырыбымыз «Мен кімін?» -деген қарапайым сұрақ. Адамның өзін-өзі тануы қашан да акцентуация қоятын мәселе болған. Бұл сұрақпен дін, философия және психология сынды көптеген салалар айналысады. Аталған бағыттардың ішінде психологияға тоқталар болсақ, күнімізде ең танымал салалардың бірі болып отырғаны анық. Адамның өзін танып, біліп, тұтастыққа қол жеткізуі үшін еңсеріп, өткеруі керек кезеңдер бар. Бұл кезеңдер адам туылғаннан ғұмыры аяқталғанға дейін жалғасады. Бұл тақырыптармен айналысқан көптеген ғалымдарды білеміз. Солардың бірі Эрик Хомбургер Эриксонның теориясына тоқталатын боламыз.

Эриксонның негізгі айналысқан тақырыбы тұлғаның бірегейлігі «идентификациясы» болды. Бұл терминді – қоғаммен және қоршаған ортамен байланысқа түскенде тұлғаның өзіндік сәйкестігі мен тұрақтылығын сақтап қалуы деп түсіндіре аламыз. Өзіндік сәйкестенген тұлға алдында кездесетін кез-келген мәселені байыппен шеше алады. Демек идентификацияланған тұлға дегеніміз дамыған, толығымен қалыптасқан, тұрақты тұлға. Эриксонның айтуынша тұлғаның қалыптасып дамуы жас ерекшеліктеріне байланысты. Эрик Эриксон бұл кезеңдерді 8 сатыға бөледі.

Бұл кезеңдер сәбилік пеп қарттыққа дейінгі аралықты қамтамасыз етеді. Сәйкесінше бір кезеңнен екіншісіне сәтті ауысу, тұлға толыққанды дамыған сәтте ғана жүзеге асады. Эриксонның көрсеткен 8 даму сатысы психология ғылымында маңызды болып табылады. Бұл 8 саты мыналар:

1. Сенім мен күмәннің арасы (0-1,5 жас арасы, оральды кезең)

Бұл кезең Эриксон көрсеткен 8 сатының алғашқысы. Индивид дүниеге келгеннен бастап, 1,5-2 жас аралығын қамтиды. Психоанализде бұл кезең Зигмунд Фрейдтің көрсеткен оральды кезеңімен сәйкес келеді. Бұл кезеңді ортаға шығарған әлеуметтік әсер баланың сенім мен күмән арасында болуы. Баланың бұл кезеңде қабылдау аймағы ауыз. Ол өзіне керекті дүниенің барлығына ауызы арқылы және басқа да сезім мүшелері арқылы қол жеткізгісі келеді. Мысалы көзімен көргендерін, құлағымен естігенін қабылдауға және түсінуге тырысады. Бұл кезеңнің екінші фазасында балада тіс шығуымен, тістеу қалыптасады. Осылайша біз мінездің қалыптасуының алғашқы белгілерін байқай бастаймыз.

Бұл кезеңде ең маңызды дүние баланың өзі өмір сүріп жатқан әлемге сеніммен қарай алуы. Бұл кезең сәтті өтетін болса балада негізгі сенім қалыптасады. Ал бұл кезең сәтсіз аяқталса балада сәйкесінше күмән орнығады. Бұл кезеңде ананың орны ерекше. Бала бұл кезеңде ең болмағанда анасына сенім арта білуі тиіс. Сау «его» функцияларының қалыптасуы үшін балаға уақытылы тамақтану, жеткілікті ұйықтау, сонымен қатар қалауларын қиындықсыз

қанағаттандыруға мүмкіндік болуы тиіс. Бұл кезең сәтті аяқталса индивидте «үміт» және «келісім» сезімдері қалыптасады.

2. Автономияға қарсы күдік пен ұят сезімі (2-3 жас арасы, анальды кезең)

Бұл кезең Эриксонның айтуынша 1.8 – 3 жас аралығында орын алады. Аталмыш кезеңде баланың автономиясы қалаыптасады. Бала өз физиологиясына жауапкершелікті сезінуге ұмтылады. Зигмунд Фрейдтің теориясында бұл анальды фазамен сәйкес келеді. Эриксон сау тән, сау рухтың кепілі деп тұжырымдайды. Бұл кезеңде баланың еркіндігін шектемеген абзал. Әйтпеген күнде бала күдік пен ұят сезімінің құрсауында қалады.

3. Кінә мен талаптың қарамақайшылығы (3-5 жас арасы, Фалликалық кезең)

Эриксон бұл кезеңде баланың жеке тұлға ретінде өзіне сенімі қалыптаса бастайтындығын алдыға тартады. Бала өзінің өмірдегі рөлін және неге қауқарлы екендігін аңғарғысы келеді. Сонымен қатар ол осы бағытта ізденісте болады. Егер бала көкейіндегі мазалаған сұраққа қоршаған ортасынан немесе ата-анасы тарапынан белгілі бір жауап таба алмаса өзін кінәлі сезінеді. Бұл кезеңде бала қоятын сұрақтар оның ар-ожданының дамуына алып келеді.

4. Еңбекке бейімделу мен жетістікке деген күмән (6-12 жас арасы)

Баланың 6 мен 12 жас аралығы – тап үлкендер сияқты жетістікке ұмтылып, қандай да бір шаруаны мүлтіксіз меңгеріп алуды қалайтын шағы. Бұл баланың бастауыш сыныптарын қамтиды. Зигмунд Фрейдте бұл «Жасырын» кезеңмен сәйкес келеді. Жалпы алғанда бұл кезең баланың түрлі орталарда түрлі шаруалармен шұғылданып, оны меңгеруі. Бала бұл кезеңде барынша өзін дәлелдегісі келеді. Өзі жасаған әрбір іске үлкендердің тарапынан қолдау күтеді. Осы сәтте жасаған жұмысының кемшіліктері ескерілсе, балада өзін төмен сезіну сезімі пайда болады. Бұл кезеңде баланың өмірінде маңызды орын алатын метептегі қарым-қатынас, мұғалім мен достары. Сәйкесінше баланың өмірінде ата-анасының әсері бұрынғыдай емес, азая түседі. Бұл кезеңде индивидте социализация процессі жүзеге асып, іскерлігі қалыптасады. Мұғалім мен ата-ана бірігіп, балаға жауапкершілік жүктеп, қандай да бір істі тиянақты орындай білу бақытын сыйлайды. Бұл кезеңде баланы бағалайтын мұғалім. Егер бала жақсы бағаланса оның іскерлік қабілеті күшейеді ал керісінше болса бала өзін төмендетуді сезінеді.

5. Тұлғаның қоғамдағы рөлдерден шатасуы (13-18 жас арасы)

Бұл кезең он үш жастан бастап жасөспірімдік кезеңнің соңына дейін, шамамен он сегіз жасқа дейін жалғасады. Ішкі тұтастық пен сабақтастықты білдіретін сәйкестік (идентификация) эмоциясының дамитын кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде тұлға өзін әртүрлі құрбыларымен салыстыра бастайды. Бұл арқылы ол өзінің сыртқы келбетін және әлеуметтік деңгейін бағалайды. Бұл процесте өзін тануға тырысқан адам, өзіне үлгі болатын кейіпкерлерді таңдауға тырысады. Әртүрлі топтарға қосылғысы келеді, сонымен қатар топтың құндылықтарына сенеді. Ол өзінің дүниетанымын осылайша қалыптастыруға тырысады. Демек жасөспірімдік шақта тұлға өзін іздеп шарқ ұрады. Ол өзін қоғамның бір бөлшегі ретінде көргісі көргісі келіп, өзіне лайықты рөлді рөлдерді іріктейді. Бұл сәт балалық пен есейудің арасындағы кезең болғандықтан өзінің атаулы қиындықтары бпр. Оларды еңсеріп өту үшін қоршаған ата-ана мен ұстаздар және достар оған ересек адам ретінде қарап, шешімдеріне, ортасына, таңдауларына құрмет көрсетуі тиіс.

6. Жақындық пен оқшаулану (19-25 жас)

Бұл кезең он тоғыз бен жиырма бес жас аралығын қамтиды. Адам осы кезеңде өзінің жеке басын табады және басқалармен әртүрлі жақындық пен достық қарым-қатынас орната алады. Бұл кезеңде адам жасөспірім кезіндегі құрдастарымен отбасы шеңберінен әлдеқайда кең қарым-қатынастарды дамытады. Ол қоғамға қалыптасып, интеграциялануға үміткер болып табылады. Бұл кезеңде де өзіндік дағдарыстар кездеседі. Дұрыс құралдарды пайдаланып, осы кезеңдегі қақтығыстар мен дағдарыстарды сау жолмен шешуге болады. Аталмыш кезеңде адам үшін қоршаған ортамен қарым-қатынастың ойдағыдай өрбуі аса маңызды. Бұл кезеңді еңсере алған адамның махаббатты қауіпсіз түрде беру және алу мүмкіндігі бар. Ал басқалармен достық қарым-қатынас орнатуда қиналған адамда психологиялық проблемалар пайда болуы мүмкін. Соның әсерінен адам жалғыздықтың

тұңғығына батуы мүмкін. Жалғыздықтың бұл түрі адамға «қоғамнан оқшаулану және бөліну» сезімін тудырады. Бұл кезеңде адамға деген сүйіспеншілік пен құрмет басты қағида ретінде қалыптасуы тиіс. Мұны маңызды құндылық ретінде қарастыратын әлеуметтік құрылымда бұл дағдарыстарды сәтті шешуге, оны айналып өтуге болады. Алдыңғы кезеңдер сәтті өтсе, адам өзінің жеке басын жоғалтудан аулақ болады. Басқа адамдармен қорықпай тығыз қарым-қатынас орната алады. Рөлдің шатасуы бар ересек адам қарама-қарсы жыныспен қарым-қатынас жасаудан және басқа адамдармен жақындасудан қорқып, терең оқшаулануы мүмкін. Бұл кезеңде тұлғаның да оның серігінің де болашағы бой көрсетеді.

7. Тоқырауға қарсы өнімділік (26-65 жас)

Жеке адамның орта есейген жылдары жемісті болады. Адам кейінгі ұрпақты жалғастыруды да, жол көрсетуді де өз мойнына алды. Кәсіби табыс пен шығармашылыққа басты назар аударылады. Қызығушылық толығымен адамнан сыртқы әлемге бағытталған кезең болып есептеледі. Ең бастысы, адам өзін өнімді сезіне алады. Өнімділік туралы айтқанда, біз тек балалы болу және тәрбиелеумен байланысты тұжырымдаманы ойламауымыз керек. Балалы болмаған адам да өнімді бола алады. Өнімділік термині өз мүддесін бірінші орынға қойып, өзімшілдікпен әрекет ететін, тек қана өзіне ғана қанағат іздейтін адам болудан гөрі, қоғамға пайдалы болып, болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар бере білуді де қамтиды.

Эриксонның пікірінше, бұл кезеңде адамда жанашырлық пен көмекке діни сезімталдық пайда болады, эмпатия процесі көбірек байқалады. Жеке адам өзін басқалардың орнына қойып, адамдарды түсінуге тырысады. Көмек пен жанашырлық сөздер адамның эмоциялық әлемінде орын алады. Алайда, егер қарама-қарсы эмоциялар бастан өткерілсе, өнімділіктің мүлдем қарама-қарсы мағынасы өзімшілдік ретінде пайда болады.

Оны өзімшілдік, адамдардан аулақ болу және тиімсіздік деп те анықтауға болады. Өздерін осылай санайтын адамдар тоқырауға ұшырауы мүмкін. Бұл кезеңде жұмысы жоқ немесе үйленбеген адамдар өздерін өнімсіз деп санауы мүмкін. Бұл кезеңді оң жолмен еңсеру үшін адам үйі мен жұмысын бөлісетін адамдарға өте маңызды міндеттер жүктеледі.

8. Үмітсіздік пен эго тұтастығының күйреуі (65 жастан асқан соң)

Эриксонның психоәлеуметтік даму теориясының сегізінші және соңғы кезеңі

Бұл кезең кәрілік кезеңін қамтитын кезең. Бұл кезеңде адам баяу өзіне-өзі, өткеніне күмән келтіре бастайды, бірақ ары қарай бәрін түзету үшін күші жетпейді. Жеке адам енді өткен кезеңдерді біріктіру арқылы өзін-өзі дамыту арқылы қандай адам болғанын қабылдайды.

Бұл кезең негізінен алпыс бес жастан асқандарды қамтиды. Жеке адам өткен кезеңдерді біріктіреді және қарастырады. Жалпы бағалау жүргізе отырып, егер адам өзінің өткен өмірін лайықты түрде өткіздім деп есептесе, өзінің күшті жақтары мен қолындағы мүмкіндіктерін тиімді пайдаландым деп есептесе және өткеніне қанағаттану сезімін сезінсе, бұл адам тұтастыққа (идентификация) қол жеткізді деген сөз.

Адамдармен тығыз қарым-қатынас орната білген, әлеуметтік ортасы қабылдап, сүйіп, құрметтеген, қоғамға пайдасын тигізетін жемісті өмір сүрген адам өткен өмірдің тыныштығымен «эго тұтастығына» толық қол жеткізген болып саналады.

Эрик Эриксон адамдардың дамуы психоәлеуметтік даму кезеңдері арқылы жалғасады деп мәлімдейді. Бұл кезеңдер жеке адамның адамгершілік, танымдық және діни дамуы мен кемелдену кезеңдерінде өте тиімді деп саналады. Қоғам жеке адамға дұрыс қарым-қатынас жасай білуі керек. Бұл кезеңдерден сәтті өту үшін қолдауды ең қатты қажет ететін балалар, біз ересек адам ретінде бұл үрдіске жауапкершілікпен қарасақ, әлдеқайда жақсы нәтижелер мен жетістіктерге жетуіне ықпал жасаған болар едік. Эриксон көрсеткен дамудың 8 сатысының толыққанды сәтті өткерілуі, индивидтің ішкі қажеттіліктері мен қалауларының қанағаттануы, оның мәнді өмірдің негізін қалауында маңызды процесс. Эриксонның ойынша, жеке тұлғаның дамуы психоәлеуметтік кезеңдерде жалғасады. Адамның тұлғалық қасиеттері өмірінің алғашқы жылдарына ғана байланысты емес, тұлғаның дамуы өмір бойы жалғасады. Адамдардың дамуында әлеуметтік орта да, адамның туа біткен кейбір биологиялық жолмен алынған қасиеттері де әсер етеді.

Эриксон, адамдар өмір бойы жалпы сегіз даму кезеңінен өтеді дейді. Әр кезеңнің өзіндік даму мақсаттары болады. Жеке адам дамудың әр кезеңінде әртүрлі дағдарысқа тап болады. Адам осы даму кезеңдерінде өзінің кез келген мақсатын жүзеге асыру үшін сол кезеңдегі дағдарыстарға, күйзелістерге немесе қақтығыстарға төтеп беруі қысқасы, оларды жеңуі күтіледі. Эриксон адамдар мұндай дағдарыстарды жеңе алатын дәрежеге жеткенде әлдеқайда сау тұлғаға ие болады деп санайды. Осылайша, адам келесі кезеңде болатын даму этаптарында дағдарыстарға қарсы тұру үшін өзіне қажет қасиеттерге ие болады. Эриксон адамдардың туғаннан өлгенге дейінгі өмірінің физикалық және эмоционалдық аспектілерін зерттейді. Олар психологиялық тұрғыдан жетілуі үшін әлеуметтік әсерлермен байланыста болуы керек.

Эриксонның ұсынғысы келген негізгі идея: Егер ата-аналар балаларының жақсы тәрбиеленіп, дұрыс бағыт-бағдар алуын қамтамасыз етсе, бұл өзара циклге айналады және балалар ата-аналарына жақсы қамқорлық жасап, оларды өмірдің жақсы жақтарына қарай бағыттайды. Олар сізге жол көрсетеді. Басқаша айтқанда, ата-ана өзін жақсы тәрбиелесе, бұл олардың балаларына әсер етеді және табиғи түрде олардың жақсы тәрбиеленіп жетілуіне ықпал жасайды. Осындайда қазақтың «Не ексең, соны орасың» - деген асыл сөзі, еріксіз есіңе оралады екен. Дана бабаларымыз «Балаңды бес жасқа дейін патшаңдай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас» - деп саналы болудың сырын екі ауыз сөзбен-ақ ашықтаған екен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Эриксон.Э Трагедия личности. – М.: Алгоритм, 2008. – 256 с
2. Эриксон.Э Идентичность юность и кризис. – М.: Флинта: МПСИ: Прогресс, 2006. – 256 с
3. Эриксон.Э Детство и общество. – М.: Летний сад, Речь, Университетская книга: 2000. – 142 с
4. Фрейд.З; Эриксон.Э «Сценарий жизни» Комплекс детских травм М.: Алгоритм, 2018. – 240с

УДК 21.21.21

СЕНУШІ АДАМДАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Демесінов Асылжан Алдамбергенұлы

assyl.demessin@gmail.com

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, «Дін психологиясы» мамандығының магистранты

Ғылыми жетекші – Нурадинов А.

Психологиялық көмек көрсетудің заманауи тәжірибесінде, көбінесе сенуші кісілерге көмек көрсету қажеттілігі туындайды. Қазақстанда біз негізінен мұсылман және христиандар туралы айтып отырмыз. Әдетте, сенуші адамдардың оның мәселесін шешу кезінде зиян келтірмейтіндей, шешуді қажет ететін бірқатар нақты мәселелерді тудырады. Осы мәселелердің бірі – адамдардың көмекке жүгіну мотивациясы. Психологқа бару өз еркімен болса, әдетте сенуші адамдарда кінәлі сезім жиі болады. Егер діни қызметкер сенушіні қиындықтарының рухани емес, психологиялық сипатта екенін түсінетін психологқа жіберсе, онда клиенттің жалғыз мотивациясы мойынсұну болуы мүмкін, бұл да психологпен тиімді ынтымақтастыққа ықпал етпейді.

Психологтың өзі үшін туындайтын мәселелер, ең алдымен, психологтың өз құндылықтары болмауы мүмкін клиенттің маңызды құндылықтарымен әрекеттесу қажеттілігімен, сондай-ақ олармен байланысты сезімдер мен қарым-қатынастарға эмпатия